Балалар, алдарыңда бояуға арналған дайын сурет бар. Тақтаға қарап отырып, ағаш жапырақтарын тез бояп тастайық.
ҚОРЫТЫНДЫ
Оқу қызметінің аяғына қарай педагог:
Балалар, қуыршақ күз аруы сендердің бүгінгі белсенділіктеріңе риза болып отыр.
Сендердің өнерлі балалар екендеріңді айтты.
Оқу қызметі сендерге ұнады ма? Иә.
Қандай нан өнімдерімен таныстық? Нан, бауырсақ, шелпек, бәліш, самса.
Балалар, жарайсыңдар.
Балалар, қуыршақ қонақты қалай шығарып саламыз? Сау болыңыз!
Сендерге де көп рақмет, балалар!
Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар.

ҚОЛАЙСЫЗ АТМОСФЕРАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНАН ҚАЛАЙ САҚТАНУҒА БОЛАДЫ?

Габдуллина Гулсара Аубакировна,
Ақтөбе қаласы №32 мектеп-гимназиясының
география пәні мұғалімі

Бөлім	3.2 Атмосфера	
Күні	20.11.2024 ж	
Сынып: 7	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	7.3.2.7 - жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсынады	
Сабақтың мақсаты	-жергілікті қолайсыз атмосфералық құбылыстар ұғымы мен салдарын түсінеді. -халық пен шаруашылық үшін қолайсыз атмосфералық құбылыстардың алдын алу жолдарын ұсына алады	

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Мұғалімнің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **5 минут**	**Ұйымдастыру кезеңі.** (сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу) Психологиялық ахуал **«Тікелей эфир».** Бауырмалдық қасиеттерін ояту мақсатында 3 «А» сынып оқушыларының 7 «Ә» сынып оқушыларына	Ізгі ниеттерін білдіреді Сұрақ-жауап орындайды Сәйкестікті орындайды Оқушылар пазл құрастырады	Мұғалім мадақтауы. «Жарайсың!» Дескриптор: Ауа ылғалдылығы, жел, атмосфералық	Интербелсенді тақта https://learningapps.org/watch?v=psqws0cm324 https://learningapps.org/

	арнаған тілектерін тікелей эфирде көрсету. **Үй тапсырмасын сұрау.** LearningApps платформасы арқылы «**Сыңарын тап**» тапсырмаларын орындайды. Тест тапсырмаларын орындайды. Merge.Edu платформасы арқылы арқылы мұғалім қорытындысы Топтастыру. Мұғалім өзі топ атауларын береді. 1-топ: Нөсер жауын. 2-топ: Көктайғақ. 3-топ: Шаңды дауыл. Әр оқушыға бағалау парағын береді.		қысымды, оны өлшейтін аспаптарды анықтай алады Бағалау: 3 балл	watch?v=pkay9ig5t24 
Жаңа сабаққа кіріспе **10 минут** **Сабақтың ортасы** **20 минут**	Мұғалім түсіндірмесі. Презентация арқылы сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстыру, түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Оқушыларға сұрақ. Қандай қолайсыз атмосфералық құбылыстарды білеміз? Мұғалім оқушылардың жауабын тындайды, қажет болса түзетіп тұрады. **Топтық жұмыс. «Достық аялдамасы»** әдісі арқылы оқулықтарын пайдалана отырып қолайсыз атмосфералық құбылыстар туралы мәліметтерді А3 форматындағы параққа жазып, бір-біріне түсіндіреді. 1-топ: Нөсер жауын, құрғақшылық 2-топ: Көктайғақ, тұман 3-топ: Шаңды дауыл, құйын	Берілген ресурстарды талқылайды Сұрақ-жауап орындайды. Әр топ өз ойымен бөліседі. Топтар арасында ақпарат алмасады. Орысша, ағылшынша аудармасын жазады .	Дескриптор: -Қолайсыз атмосфералық құбылыстарды біледі; -Қолайсыз атмосфералық құбылыстарды ажырата алады; Қолайсыз құбылыстардан сақтану шараларын орындайды Бағалау: 4 балл Дескриптор: Сұраққа жауап жазады Дескриптор: -Атмосфералық құбылыстарға қатысты терминдердің орысша аудармаларын орындай алады; -Атмосфералық құбылыстарға	Оқулық А3формат ындағы қағаз, фломастер, суреттер Ту бейнеленге н суреттер Қолшатыр

	ЕБҚО: Терминге анықтама беріңіз. Қолайсыз атмосфералық құбылыстар деген не? **Сергіту сәті.** «Әлем елдері». Қима қағаздарда берілген ту суреттерінде қай елдің туы көрсетілгендігін табады. **Терминдер серпіні. «Қолшатыр астында»** әдісі.Атмосфералық құбылыстарға қатысты терминдердің қазақша, орысша, ағылшынша аудармаларын орындайды . 1.Қар-снег-snow 2.Жауын-дождь-rain 3.Тұман –туман - fog 4.Қырау-иней- frost 5.Көкмұз – гололед - glacier 6.Найзағай – молния - lighrning 7.Боран –метель - blizzard 8.Бұршақ – град –hail 9.Құрғақшылық-сушь-dry **Есте сақта. «WhatsApp»** әдісі. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының сынып жетекшілерге қолайсыз атмосфералық құбылыстар туралы ескертпесі. Күн қатты аяз болғанда, далада ұзақ жүрмеңіздер, үсіп қалу қауіпі бар! Нөсер жаңбыр жауғанда, қолшатыр алып, су өткізбейтін аяқ киім киіңіздер! Күн қатты ыстық болғанда, бас киім киіп, сұйықтықты көп ішкеніңіз абзал! Көктайғақ орын алғанда,	Оқушылар ұялы телеыонға келген хабарламаларды оқиды Анықтамаларды дәптерге жазады	қатысты терминдердің қазақша, орысша, ағылшынша аудармаларын орындай алады. Бағалау: 3 балл Оқушылар мұқият тыңдайды	

	көлік жолдарына құм себілген жермен жүріңіздер! Қар қалың жауған кезде, таулы жерге бармаңыздар, қар көшкіні болуы ықтимал! Қатты жел соққанда үйден шықпаңыздар, айналадағы заттар ұшып, өмірлеріңізге қауіп төндіруі мүмкін! Тұман түскен жағдайда, жолға шықпаңыз, адасып кетесіз! **Жеке жұмыс. Дәптермен жұмыс.** Анықтамаларды дәптерге жазу.			
Сабақтың соңы 5 мин	**Рефлексия.**  Үйге тапсырма: Атласпен жұмыс	Оқушылар сабақтан түйген ойларын жазады.		


ОО ДЫБЫСЫ ЖӘНЕ ӘРПІ.



Демесинова Гульзира Гарифуллаевна,
Ембі қаласының №7 ЖББОМ КММ
мектеп жанындағы интернатының
бастауыш сынып мұғалімі

Пәні:	**Әліппе**
Бөлім:	Әліппе кезеңі
Күні:	02.10.2025ж
Сынып:	1 сынып
Сабақтың тақырыбы:	**№28 сабақ. Оо дыбысы және әрпі**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау; 1.1.8.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту 1.2.8.1 дыбыстың таңбасы – әріпті тану, дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажырату; 1.3.3.1* сызба, сурет, белгілер арқылы шағын мәтін құрастыру;
Сабақтың мақсаты	Оо дыбысы және әрпін меңгереді.

	ЕБҚ. Өтілген әріптерден құралған буындарды қосып оқып сөз шығарады.
Құндылықтар Тәуелсіздік және отаншылдық айы	Талап: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. Апта дәйексөзі: «Ел жұртымның бақыты аталатын ,сөнбесін мәңгі сенің,Отан,атың!»

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут Өткенді пысықтау 5 минут ***Сабақтың ортасы*** 20 минут	Сабаққа дайындық жасау Психологиялық ахуалды жақсарту Әр түрлі елдердің тілінде әндетіп қимылмен көрсету,билеу. Топқа бөлу. Түрлі-түсті алақан арқылы топқа бөлінеді Өткенді пысықтау «Жұпта,құпта» әдісі Оқушылар жұптасып бір –біріне арқасын тосып тұрады. Бірінші қатардағы оқушыларға маркер мен ламинадталған қағаз беріледі. Екінші қатарда тұрған оқушылар кеспе сөздер таңдап алып оқиды. Бірінші қатардағы оқушы естігенін маркермен жазады. **Тақырыпты ашу** Сиқырлы су көмегімен жаңа тақырыпты ашу. М: -Балалар, ыдыстағы судың көмегімен бүгінгі танысатын әріпті көреміз. Ыдыстағы суға сулық қағаздың арасына салынған Оо әрпі суға салған кезде көрінеді. Жаңа тақырып 1-тапсырма ФС тапсырмасы	   Бір оқушы оқиды.Екінші оқушы естігенін жазады. 	Мақтап, мадақтап отыру  Дескриптор: О әрпін таниды, білді О әрпі кездесетін сөздерді тапты Дескриптор: Буындарды жеке, тұтас сөздегі айтылуымен оқыды. Әрбір дыбысты естіп, әріпті көріп, өздігінен саналы оқыды.  Дескриптор: Үзік сызықтарды бастырып жүргізу арқылы сөздер мен сөйлемдерді жазады Каллиграфиялық талапқа сай дұрыс және	Музыкалық слайд  Маркер, ламинадтал ған А4 қағаз,қима қағаздар  Ыдыс,су, қағаз сулық Жұмыс дәптері

	Оң және сол қолдарыңды көрсет. Мағынасы қарама-қарсы сөзді сурет бойынша анықта Сол-оң. Оо әрпінің жазба,баспа түрлерімен таныстыру.  Жазылым. Жазу дәптерімен жұмысты ұйымдастыру Оқулықтағы тапсырманы дәптерге орындайды: Сара, ора. Олар – арулар Жасанды интелект көмегімен сөздік жұмысы жүргізіледі. Күнделікті өмірде көп қолданылмайтын орақ және оймақ сөздерінің мағынасын жасанды интелект арқылы түсіндіру ЕБҚ Өтілген әріптерден құралған буындарды қосып оқып сөз шығарады. Сергіту сәтіне Оо дыбысы кездесетін сөздерді оқып отырып, «Әрқашан күн сөнбесін» әнінің әуеніне салып айтады. айтады. (Мұғалім шығармашылығынан) «Орнын тап» ойыны Саралау тапсырмасы Әр топқа текшелер беріледі.Суретті құрап шығарып,басқы әппіне дыбыстық талдау	Оо әрпін жазады Суреттерді таңдайды Әр буындағы дыбыстарды тұтастырып, «бір дыбыс» сияқты қосып, яғни дауыссыздан дауыстыға қарай және дауыстымен үндестіріп оқиды.  Оң аяқ-сол аяқ Оң көз-сол көз Қарама-қарсы сөзді табады  Караокеге қосылып ән шырқайды Орны ауысқан суреттерді жөндейді..Текшелерді құрастырады. Жазу дәптеріндегі тапсырмалар ды орындайды	сауатты жазды  Дескриптор: Оқушылар мағынасы қарама- қарсы сөзді суретке қарап анықтады Суреттердің және сөздің дыбыс сызбасы арқылы сөзді тапты Орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құрады және оқыды  Дескриптор: Үзік сызықтарды бастырып жүргізу арқылы сөздер мен сөйлемдерді жазады Каллиграфиялық талапқа сай дұрыс және сауатты жазды.  Дескриптор: ЕБҚ Есту бойынша сөздерді жазды	Суреттер  Жасанды интелект. Оқулық  Инт.тақта Караоке Сызба-модель   Текшелер  Wordwal

Сергіту сәті 2 минут ***Сабақты қорыту*** минут Қосымша тапсырма 2минут Кері байланыс 5 минут	жасайды.   	Жеке жұмыс жүргізеді Саралау тапсырмасын орындайды Дыбыстық бояуларды бояйды Орындалған тапсырмаларды саусақтарды белгілеп,көрсетеді  Кері байланыс жасайды	ЕҚБ Буындап оқи алады Дескриптор: 1-деңгей Сызба-модельге сәйкес сөздердің ретін дұрыс орналастырып, сөйлем құрады 2-деңгей Сөйлемді буындап, тұтас оқиды. Сөйлемдегі сөздерге дыбыстық талдау жасады. 3-деңгей «Олар – арулар» сөйлеміндегі сөздерді «Ол – ару» деп жекеше мағынада айтты. Дескриптор: Дыбыстық талдау жасайды; Дыбыстарды ажырата біледі;	<u>арқылы буындарды оқып сөз құрайды</u>l Буындап оқуға видео слайд Заттық суреттер Әр дұрыс жауапқа  Слайд


ЗВУКО- БУКВЕННЫЙ АНАЛИЗ СЛОВ. ПУТЕШЕСТВИЕ В СТРАНУ ГЛУХИХ ЗВУКОВ.

Джалмухамбетова Светлана Синбаевна,
логопед КГУ «Общеобразовательной средней школы
№25 имени Музафара Алимбаева города Актобе»,

Дата: **Класс:**	12.03.2025 1 класс
Цель занятия:	1.Закреплять знания детей о согласных и гласных звуках. 2. Учить дифференцировать звуки Щ-Х-Ц-Ч 3.Учить выделять изучаемые согласные звуки в слогах, словах, словосочетаниях, предложениях. Определять их место в слове. 4. Учить соотнесению слов со схемами; развивать навыки звукового анализа, слогового анализа и синтеза. 5.Развивать высшие психические процессы.
Критерии успеха	Может правильно дифференцировать звуки, давать характеристику
Развитие ценностей	Развитие связной речи
Междисциплинарное общение	Обучение грамоте, букварь
ИКТ навыки	Навыки ИКТ, Умное зеркало
Знать: **Уметь:** **Иметь навыки:**	1. Сравнительную характеристику звуков, нормы их артикуляции; 2.Выделять звуки в словах, словосочетаниях, соотносить звуки с буквами и символам, вставлять пропущенные буквы, ***3.*** Навык составлять рассказ, строить предложения

Ход занятия:

Этап занятия/ Время	Действия педагога -логопеда	Действия ученика	Оценивание	Ресурсы
1.Начало занятия 0-5 мин	Развитие фонематического восприятия. **Артикуляционные упражнения: на экране ноутбука видео гимнастики** « Лопаточка», «Чашечка», « Лошадка», «Грибочек», «Гармошка», «Барабанщик» **Дыхательная гимнастика:** « Фокус».. «Сдуй листочек» Умное зеркало	Приветствуют логопеда. Дети выполняют	ФО Оценивание эмоционального состояния   	**Эмоц. настрой** Умное зеркало Видео Арт гимнастики, ноутбук, Зеркало, Вата
2. Середина занятия 5 – 35 мин	**1. Развитие зрительного восприятия. Закрепление графического навыка письма.** Логопед: «Наложите» на буквы штриховку по образцу	Учащиеся слушают логопеда отвечают на		Предметные картинки С

	2. Сравнение звуков по артикуляции и по характеристикам, соотнесение звуков с буквами и символами для обозначения. Логопед: Щ- согласный, глухой, мягкий, шипящий. Ц- согласный, глухой, твёрдый, аффрикат. Ч-согласный, глухой, мягкий, аффрикат. Х-(Хь)-согласный, глухой, может быть твёрдым и мягким. **3. Развитие звукобуквенного анализа и синтеза Знакомство с героями занятия** **Логопед:** Звуки Ц, Щ, Ч, Х жили в своём сером и холодном Королевстве Глухих звуков. Никто не приходил к ним в гости, и никто не приглашал их к себе. И вот однажды в город приехали весёлые бродячие артисты. Они пели и плясали, ходили по городу и приглашали звуки на своё представление. Один из артистов громко пел: «А_А_А!» Второй подпевал: «У_У_У»! Третий хохотал: «О_О_О» Угадайте, что за бродячие артисты посетили город Глухих звуков? Давайте попробуем «вытащить» глухие согласные из их серых и хмурых домов. « Подружите» гласные буквы с согласными- составьте слоги. **4. Развитие слогового анализа и синтеза** **Логопед**: Повеселели глухие согласные. Решили они пригласить в гости героев из сказок. Какого пригласили? Логопед: Но не все приглашённые смогли приехать в гости, кто добрался до города Глухих звуков? (Схемы слов: Чиполлино, Хомячок, Щелкунчик, Царевна). **5. Развитие логического мышления. Обогащение словаря.** Логопед: Буквы были очень гостеприимны. Они приготовили для гостей угощение. Чиполлино предложил свою помощь при накрывании стола. Помогите заполнить клеточки кроссворда словами - названиями стола.  	вопросы Ответы детей -звонкий -глухой Звуки мы слышим и произносим, а буквы мы видим и пишем Ответы детей Гласные звуки Щ-ща, що, щу. Ц-ца, цо, цу. Х-ха, хо, ху. Ч-ча, чо, чу. Ч-Чебурашку, Чиполлино, Мальчика-с-Пальчика. Х-Хомячка Фому, зайца-Хвасту. Ц- Царевну-Несмеяну,Царевну – Лягушку. Щ-Кощея Бессмертного,Щелкунчика. Ответы: 1. – стол,2.-чай, 3-конфеты, 4.-печенье, 5.-чашка,6.-		изображением героев занятия на карточках, схемы слов имён героев занятия, тетради Слайды с героями сказок. Умное зеркало

	6. Дифференциация звуков Ч-Ц в словах.(Слайды) Развитие звукового анализа. Логопед: Царевна и Чиполлино предлагают поиграть после чаепития. Царевна волшебной палочкой стала превращать слова,которые называл Чиполлино. Образец: лисичка-лисица, руковица- рукавичка (индивидуальные карточки. Физминутка. Логопед: Хомячок приглашает на зарядку (Слайд-ноутбук) «Хомка, хомка, хомячок. Хомка- серенький бочок. Убирает Хомка хатку. И выходит на зарядку. Раз, два, три, четыре, пять. Хомка сильным хочет стать.» **7. Развитие звукового и языкового анализа и синтеза на уровне предложения.** **Логопед:** Буквы веселились и играли с героями сказок, но вот настало время прощаться. Герои сказок спешат обратно на страницы книг. Глухие согласные немного огорчены Написали глухие согласные предложения для своих новых друзей. Да, видно, так расстроились, что забыли о себе. Логопед : Задание на карточках Вставьте буквы Ч,Щ,Х,Ш в слова и прочитайте предложения. - В пе_ке стоит горя_ий _угунок. - В лесной _а_е пря_ется _егол. -У ленивой пря_и нет и руба_и. -_елкун_ик повесил на ёлку ёло_ные украшения Маль_ик у_аживал за _омяком.. **8. Закрепление правописания ча-ща,чу-щу.**	торт,7.-чайник. Карточки : Страница-Курочка-Водица-Девица-Сестрица-Ресница-Работают в тетрадях Дети выполняют действия в соответствии с текстом. Индивидуальная работа по карточкам.		Рабочие тетради. Карточки
3. Конец занятия. 35-40 мин	**9.Итог занятия.** -Какую цель мы поставили на сегодняшнем занятии? - Достигли ли мы этой цели? - Какие затруднения были у вас на занятии? - Что нужно сделать чтобы эти затруднения не повторялись? **Рефлексия.** Предлагает оценить свою работу при помощи линейки успеха. 	Отвечают на вопросы логопеда, оценивают сою деятельность на уроке		**Картинки к рефлексии.**

ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ САЯСАТЫНАН ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТҚА КӨШУ.


Едигеева Гульдарай Жанабаевна,
Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ш.Берсиев атындағы
орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Пәні:	Қазақстан тарихы	
Бөлім:	Қазақстанда кеңестік биліктің орнауы	
Күні:	05.12.2024ж	
Сынып: 8	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу **Зерттеу сұрағы:** Қазақстан үшін Жаңа экономикалық саясаттың артықшылықтары қандай болды? 1-сабақ	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	8.3.1.7 20ғасырдың 20-30 жлдарындағы әміршіл-әәкімшіл жүйе саясатының зардаптарын салыстыру. 8.4.1.1 Деректермен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау.	
Сабақтың мақсаты	1.20ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатын салыстырады. 2.Жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді анықтайды.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы **мин.**	**Ұйымдастыру** Оқушылармен сәлемдесемін, түгелдеу **Өткен білімді еске түсіру** Үй тапсырмасын қорытындылау мақсатында: «Genially.com» платформасы арқылы тест ұсынамын Жаңа сабақтың тақырыбын суреттер арқылы ашамын  Ұрандар қай кезде айтылды ажырат: ***Барлық артық өнім мемлекетке. Жеке меншікке бір тиын да берілмесін» деген***	Оқушылардың патриоттық сезімдері оянып, еліне, халқына деген құрметі артады. Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Суреттерге қарай отырып бүкіл сыныптық талқылау арқылы тақырыпқа шығады Оқушылар	**ҚБ.**Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады **ҚБ** «Мадақтау»	HYPERLIhthistovoxp

	ұран қай кезде айтылған еді. **Біз қиын жағдайға тап болдық. Біз кімнен сатып алуымыз керек, және кімге керек болса, оны сатуымыз керек. Партия сауда жасауды үйренуі керек еді »** Бүгінгі сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырып, жаңа сабақты түсіндіремін	жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу		
Жаңа сабақ мин **12 мин**	**Мағынаны тану.** **Сабақтың тақырыбы:** Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу. (1921-1925ж) **«Кезбе елші» әдісі** арқылы 3-топқа тапсырмалар беріледі . **1 топқа** 1.1921-1922жылғы жер-су реформасы. 2. Жаңа экономикалық саясатқа көшудің себептері. **Дескрипторлар:** • Жер-су реформасының маңызын анықтайды. • Жаңа экономикалық саясатқа көшудің себептерін анықтайды. **2топқа.** ЖЭС жүргізу мақсаты және мазмұны. **Дескрипторы:** • ЖЭСжүргізу мақсатын түсінеді. • ЖЭС мазмұнын анықтайды. **3 топқа** Жаңа экономикалық саясат кезіндегі Қазақстан. ЖЭС-тің тоқтатылуы және оның қорытындылары **Дескрипторлар:** • ЖЭСкезіндегі Қазақстандағы өзгерістерді анықтайды. • ЖЭС тоқтау себебін түсіндіреді.	Оқушылар берілген тапсырма бойынша өз ойларын жинақтап, жұбымен бөлісіп, топ мүшелері арасында талғылап ортақ шешімге келіп, басқа топтарға түсіндіреді Оқушылар бір-біріне түсініксіз тұстары болса, сұрақ қояды.	**ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады Мұғалім тарапынан кері байланыс беріледі.	Б. Ғ. Аяған, Х. М. Әбжанов, Д. А. Махат. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы: Раритет,

5мин. **5мин** **3мин**	**2.Жеке жұмыс.**  **Дескриторы:** 1.Әскери коммуннизм саясатының белгілерін жазады. 2.ЖЭС белгілерін жазады. 3. ЖЭС нәтижесін анықтайды **3 тапсырма. Жұптық жұмыс.**  **Дескрипторы:** ЖЭС уақытын нақтылайды. ЖЭС экономикалық мақсатын біледі ЖЭС табыстарын анықтайды Сабақтың тақырыбын қорытындылау **Бекіту: «Quizlet»ойыны арқылы бекіту.**	Оқушылар балық қаңқасындағы барлық жазбалар қысқа, нақты, нақты болуы керек және ұғымдардың мәнін ғана көрсетуі керек. Оқушылар берілген сатыны толтырады Оқушылар платформаға кіріп, кестені толтырады	Оқушылар өз деңгейлерін бағалайды	Ақпараттық карточка HYPERLIhttlearningа
Рефлексия **3мин**	Сабақ мақсатына оралып ,кері байланыс алу. «Padlet» платформасы арқылы. Әр оқушыдан сұрау.	Тақырып бойынша түсінбегендерін, енді түсінгенін, барлығын түсінгенін белгілейді		

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

КЕЗДЕСУ ҚОЗҒАЛЫСЫНА БЕРІЛГЕН ЕСЕПТЕР.


Елеукенова Ұлтуған Ырғызбайқызы,
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы Қаратоғай ЖББОМ
бастауыш сынып мұғалімі

Пәні:	Математика	
Бөлім:	**Есеп шығару**	
Күні:	2024ж	
Сынып: 4	Қатысушылар саны: 21	Қатыспағандар саны: 0
Сабақтың тақырыбы:	**№72. Кездесу қозғалысына берілген есептер**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.5.1.9 бір-біріне кездесу және қарама-қарсы бағыттағы қозғалыс, артынан қуып жету, бір бағыттағы қалып қою қозғалысына берілген есептерді арифметикалық және алгебралық әдіспен шешу	
Сабақтың мақсаты	Кездесу қозғалысына берілген есептерді теңдеу арқылы шығаруды үйренеді	
Құндылық Желтоқсан айы :Бірлік және ынтымақ	Сабақ құндылығы. ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ Апта дәйексөзі: Ынтымақ –бұзылмайтын қорған	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру Жаңа білім	Оқушылар ортада шеңбер жасап тұрады да, мұғалімнің қолындағы қорапшадан бір облыстың атауын алып, сыныптастарына тілек айта отырып, тақтада тұрған Қазақстан картасына орналастырады. Үй тапсырмасын тексеру Жаңа тақырып «Жылдамдықты ұнатамын» әдісі. ФС тапсырмасы. «Жылдамдықты ұнатамын» әдісі 1 тапсырма Кездесу уақыты-17-00 Шықты-15-30-да V=60км\сағ S=25км t=?, 30 минут бұрын Ш: 17сағ-30 мин=16-30 (келу керек)	Бір біріне тілек айтады Үй тапсырмасын тексертеді. Б.Төлегенова туралы айтады	Дескриптор: Есептеулерді орындай алады-1Б Б.Төлегенова туралы мәліметтер біледі-1Б ҚБ: спидометр Дескриптор: Кездесу қозғалысын есептей алады-1Б Есепті теңдеу арқылы шығарады-1Б	Слайдтар, оқулық,дәптерлер 

	t= 25км/60км\сағ=25км:(60:60км\мин)= =25км/1км\мин=25мин(жолға кететін уақыт) 15сағ30мин+25мин=15сағ55мин= =15-55(қалаға жететін уақыт) Ж: Олар уақытынан ерте жетеді **2 тапсырма. «Қуып жет» әдісі** V=35км\сағ Т=3сағ =45км S=?км Ш: Х-сөре мен мәренің арақашықтығы Х-35*3=45 Х-105=45 Х=105+45 Х=150км Ж: Сөре мен мәренің арақашықтығы 150км **3 тапсырма.Өздік жұмыс . «Кім тез» әдісі** S=1220км Т=10сағ =65км\сағ =?км\сағ Ш: Х-екінші ұшақтың жылдамдығы (65+х)*10=1220 65+х=1220/10 65+х=122 Х=122-65 Х=57км\сағ Ж:Екінші ұшақтың жылдамдығы 57км\сағ Сергіту сәті 4 тапсырма ЕБҚ және ЕҚБ тапсырмасы 5 тапсырма. Шығармашылық жұмыс Үлестірмелі карточка		ҚБ:спидометр Дескриптор: Есепті шығарады-1Б Сұраққа жауап береді-1Б ҚБ:спидометр Дескриптор: -Ұшақтардың ұшу қозғалысын табады-1Б -Есепті теңдеу арқылы шығарады-1Б ҚБ:спидометр Оқушылар музыка ырғағына сәйкес суретте көрсетілген қимыл түрлерін қайталайды. -Есептер бойынша әріпті өрнектер құрастыра	Есептің сызбасы 



	 6 тапсырма . «Ойлан шеш» әдісі Кері байланыс: Маған бәрі түсінікті Түсіндім,бірақ сұрағым бар Мен ештеңе түсінбедім	Пойыздың жылдамдығын есептеп шығарады. Кері байланыс жасайды	алады-1Б -Есепті шығару жоспарын құрады-1Б 1 .Пойыздардың кездесу қозғалысын есептейді-1балл 2.Есепті өз бетінше шығара алады –1 балл ҚБ:спидометр 1.Зерттеушілікпен айналыса алады-1балл 2.Ең ұзын, ең қысқа ағашты табады - 1балл ҚБ:спидометр «Көңілді көзілдірік» әдісі	


CHECK POINT 5.

Жаксыгалиева Рзабике Бахытжановна,
Актобе қаласы, М.Құрмануалиева атындағы
№32 гимназиясының ағылшын тілі пәні мұғалімі

Unit:5	**Hot and Cold**			
Teachername:	Zhaxygaliyeva Rzabike			
Date:	**30.01.25-4 «А»**			
Grade:4	Number present:	Number absent:		
Theme of the lesson:	**Check point 5**			
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to	**4.3.1.1 recognise, identify and sound with support a growing range of language at text level;** **4.4.4.1 write with support a sequence of short sentences in a paragraph to give basic personal information;** **4.5.17.1 use me, too and I don't to give short answers, use when clauses to describe simple present and past actions on personal and familiar topics**			
Lessonobjectives	**All learners will be able to:** • Learn new words			
	Most learnerswill be able to • Read the space facts			
	Some learnerswill be able to: • Listen about Mars			
Lesson plan				
Planned timings	**Teacher'saction**	**Pupil's action**	**Assessment**	**Resources**

5 minutes	**BEGINNING THE LESSON** - Good afternoon, children! How are you? I am glad to see you. I'm excellent, thank you. Sit down, please. Who is on duty today? -Who's absent? -What day is it today? -What date is it today? - Now, we sing the song "Hello" I'm very happy to see you! Welcome to our lesson, before we study the lesson I want to warm up, the task to very easy, you must repeat	Good afternoon, teacher! We are fine, thank you! -I'm on duty today. -All are present. -It's ... -The January. **Correct Answers:** False - Nur-Sultan becomes an ice city every year in December, not January. True - People use ice bricks to make sculptures. False - The sculptures are		https://youtu.be/pqDEwPi7vxg?feature=shared  "Hello" song **True or false**

	after me. **Home task** Ex 31. p 80	usually animals, castles, fairy tale characters, or famous buildings, not only animals. True - Different colored lights shine on all the sculptures in the evening. False - The author thinks Nur-Sultan is magical in December, not boring. **Correct Answers:** 1.January 2.thousands 3.Winter 4.fun 5.Ice Palace 6.fairy tale 7.Québec Carnival 8.enjoy 9.time		 **Fill in the Gap**  **“Educaplay” platform.**
Middle **35 mi nutes**	**Presentation** The theme of our lesson “Check point 5” **Brainstorming** Teacher gives some information about unit 5 “Hot and Cold”. **Individual work** **Ex 1 p 81** **Listening & Reading** Teacher says students listen to the word and write it. **Pair work** **Ex 2 p 81** **Read and complete.** **Warm-up** Let’s dance “How’s the weather?” **Work with blackboard.** **Ex 3 p 81**	**Suggested answer key** 1. Cool box 2. Whistle 3. Blanket 4. Fishing rod 5. Penknife Students read and complete the sentence. 0) Sunny 1) Snowing 2) Raining	**2 points** **Descriptor:** - the pupils look at the pictures and circle the correct words. **2 points** **Descriptor:** the pupils read and complete the sentences with the correct word. **Oral assessment** **2 points**	 

	Nurlan wants to go camping with his family. What ***must/mustn't*** he do? Read and complete. **Group work** **Ex 4 p 81** **Writing.** Make sentences **Work with blackboard.**	Let's dance. **"Genially" platform.** 0.must 1.mustn't 2. mustn't 3. mustn't 4. mustn't 5. must **"Word wall" platform.** 1. Can we visit the volcano? 2. He doesn't have to come with us. 3. Can I use your penknife? 4. We have to wash our clothes. 5. They don't have to get up early. Ss answer the questions in turns	**Descriptor:** -the pupils read and complete the sentences. **3 points.** **Descriptor:** -the pupils make sentences by putting the orders in the correct order. **Descriptor:** - the pupils look at the pictures and circle the correct words **2 points** Teacher praises students and gives stickers Teacher gives smiles for correct answers	https://rutube.ru/video/8b958b61227923fcf500e4292c582358/?r=plemwd https://view.genially.com/678fa623d3ee4f647761714c/interactive-content-genial-quiz  
End **5 minutes**	(An activity to consolidate the language of the lesson.) **Hometask: Ex 4 p 81** Saying Good-bye.	Feedback: Ss use cards to show their knowledge according to the lesson.	In the end of the lesson students show their self assessment sheet.	

АҢДАР.


Жемисова Гульнара Айтугановна,
Ақтөбе облысы, Хрмотау ауданы,
№1 Хроммтау орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні

Пән: Қазақ тілі Т2	**Бөлім: 4-бөлім. Бізді қоршаған әлем**
Сынып: 1Б	**Қатысқан оқушылар: Қатыспаған оқушылар :**
Сабақтың тақырыбы: 9. **Аңдар**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	1.1.2.1 баяу және анық айтылған, жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіну; 1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және үлгі бойынша жауап беру; 1.5.1.2 мұғалімнің қолдауымен көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде қолдану
Сабақтың мақсаты :	Барлық оқушылар: Аңдарды атай алады, өзінің қандай сурет салатынын айта алады. 20-ға дейін санауды үйренеді. Оқушылардың басым бөлігі: Өзінің суреті бойынша ақпарат бере алады. Қандай аң салғанын, оның санын айта алады. Тақырып көлемінде өзара сұрақ-жауапқа қатыса алады. Кейбір оқушылар: Басқа да аң атауларын біледі, олардың атауларын өмірлік жағдаятта еркін қолдана алады.
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: аю, қасқыр, қоян, түлкі, арыстан, піл, кірпі, керік Диалог құруға арналған пайдалы тіркестер: Мынау не? Ол қандай? Ол кім?

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5 минут)	«Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру: Мақсаты: мейірімді болуға, қамқор болуға, қарапайым болуға баулу. Сәлеметсіңдер ме, балалар! - Қалдарың қалай? - Көңіл - күйлерің қалай? - Өте жақсы, балалар! Енді осындай тамаша көңіл - күймен сабағымызды бастайық.		*«Қол шапалақ»*	
Сабақтың ортасы (6-37 минут)	**1.Сөздікпен жұмыс.** **Ж**аңа сөздермен таныстырады, оқушыларға қайталатады:	Тыңдалым,айтылым. Арыстан- лев Керік – жираф Піл – слон Түлкі – лиса Қасқыр – волк Қоян – заяц Кірпі – ежик	**Бағалау: Тамаша», «Жақсы», «Ойлан»**	**Оқулық сөздік** слайд

	Тыңдалым. **1- тапсырма** Тыңда. Суретке қара. Қайтала. Оқушыларға Суреттер арқылы көрсетіледі. Тыңдалым Айтылым. 2-тапсырма Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша айт. ***Сергіту сәті*** **Жаңа тақырыпты пысықтау.** **«Сәйкестендіру әдісі» wordwall платформа бойынша** **Айтылым** **3 – тапсырма.**	**Айтылым** 1. Мұғалім дауыстап оқиды 2. Мұғалім оқушыларды тізбектеп сұрайды, дұрыс айтуларын қадағалайды. 3.Доппен ойын жүргізеді. Оқушыларға доп лақтырып, жаңа сөзді сұрайды. 4.Сөздерді пайдалана отырып, сөз тіркестер, сөйлемдер құрастыру **Тыңдайық** Бұл- арыстан.  Айтайық 5   7 3   2 4  **Сергіту сәтін орындайды.** «Аю отыр партада» **Айтылым**  Қоян  Қасқыр	«Қол шапалақ» **Бағалау :** **«Тамаша», «Жақсы», «Ойлан»** **Дескрипторлары :** - сөйлесу үлгісі бойынша суреті туралы сөйлей алады - тыңдаған сандарды дұрыс қайталайды - сөз тіркестер, сөйлемдер құрастырады Дескрипторы: жануарларының атауларын біледі **Дескрипторы:** Оқушылар орындарынан тұрып жаттығу жасайды. **Дескрипторы:** Аңдарды таниды және атауларымен	**Слайд** **Оқулық** https://youtu.be/a5UsomppV8c **https://wordwall.net/ru/resource/83151242**

Сабақты бекіту кезеңі	Тыңда. Қайтала. Есте сақта! **Дәптермен жұмыс.** **“Арқан тартыс” ойыны арқылы жаңа сабақты бекіту** 	 Керік  Арыстан **Айтайық** Оқушылар 10-ға дейінгі сандарды қайталайды және мұғалім 11-ден 20-ға дейін санауды үйретеді. ***Тапсырмаларды орындау*** ***Айтылым*** Сұрақ – жауап	сәйкестендіре алады. «Қол шапалақ **Дескрипторы:** Тақырып көлемінде өзара сұрақ-жауапқа қатыса алады. Сандарды дұрыс айталады. Аңдардың атауларын біледі «Қол шапалақ»	**Оқулық слайд** **Жұмыс дәптері**
Сабақтың соңы **3 минут**	**Үй тапсырмасын беру** : суреттерді бояу.			
	Кері байланыс «Түрлі- түсті смайликтер»	Өз деңгейлерін анықтайды. 		
Бағалау	Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды.			

ВОЛШЕБСТВО МУЗЫКИ В ТВОРЧЕСТВЕ К.Г.ПАУСТОВСКОГО.

Исмағамбет Гүлнара Хамитқызы,
учитель русского языка и литературы
Караулкельдинской средней школы
Байганинского района Актюбинской области

Раздел 5. Жизнь и творчество
Цели обучения, которые необходимо достичь на данном уроке: 5.3.1.1-понимать общее содержание текста, определяя ключевые слова и словосочетания;
5.3.7.1- извлекать необходимую информацию по предложенной теме из различных источников;
5.5.1.1- образовывать падежные формы числительных

Цели урока: уметь извлекать информацию по предложенной теме; понимать значение слов бытовой и духовно-нравственной тематики; образовывать падежные формы числительных.
Ход урока
Начало урока: I. Организационный момент. Эмоциональный настрой. «Угадай мелодию**».** Проверка домашнего задания. **ФО** Оценочный инструмент **«Домбра».**
II. Актуализация знаний.

Учитель предлагает учащимся прочитать ключевые слова и предположить, о чём пойдет речь на уроке. На интерактивной доске портреты К.Г.Паустовского и Эдвард Грига. Учащиеся слушают музыку Э.Грига «Утро». Делятся впечатлениями. Определяют ключевые слова и по ним прогнозирует тему урока. Учитель: - Послушайте аудиозапись отрывка одного из рассказов. **Стратегия:** «Слушай-Делись-Обсуждай»

III. Изучение нового материала. Работа с текстом. **(Г)Работа в группах**. Делятся по счёту на группы, выполняют задания. Называют имена числительные. **Стратегия** «Ты –мне, я- тебе»

Задают друг другу вопросы: 1 группа: 1. Кто такой Эдвард Григ? 2. Как звали девочку? 3. Почему композитор решил сделать ей подарок?

2. Группа: 1. Когда же Дагни должна получить подарок? 2. Что делала в лесу Дагни? Где композитор встретил девочку?

Предлагается текст, который разделен на две части. Каждая группа работает над своим отрывком. Из этого текста нужно назвать словосочетания с числительным. Имя числительное слайд. Знакомство с правилом. Читают текст по ролям, отвечают на вопросы.

Критерии

-пишут пропущенные слова в тексте

-продолжают текст по данному началу

-соблюдают интонацию, правильно читают свою роль

Дескриптор

№ Обучающийся

1 Вставляет пропущенные слова, а также продолжает текст 1б

2 Соблюдает интонацию, демонстрирует грамотность устной речи 1б

Всего 2б

Индивидуальная работа. Найди слова (нужно находить и выделить числительные)

Критерии

-найти числительные

Дескриптор

№ Обучающийся

1 Находит количественные числительные 1б

2 Находит порядковые и собирательные числительные 2б

Всего 3б

IV.Закрепление изученного материала.

Парная работа. Склонение числительных. 1 вариант просклонять по падежам числительное – двадцать, шестьдесят.

2 вариант просклонять по падежам числительное – второй, восьмая.

Ваш помощник таблица на стр. 129

Критерии

-просклонять числительное

Дескриптор

№ Обучающийся

1 Склоняют количественные числительные 2б

2 склоняют порядковые числительные 2б

Всего 4б

Платформа Educoplay. Выбор правильных ответов.

(И) Развитие связной речи. Работа по карточке. Расскажите о себе, классе.

Рефлексия. Платформа Gunzy.

Домашнее задание: прочитать текст и ответить на вопросы; составить синквейн к слову «композитор». Анализ, оценка и интерпретация полученной информации выявляют уровень усвоения полученной информации на данном уроке.

ВОЛШЕБСТВО МУЗЫКИ В ТВОРЧЕСТВЕ К.Г.ПАУСТОВСКОГО.

Исмагулова Макпал Мейрамгалиевна,
Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы
№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі

Тақырыбы: «Зерек бала» интелектуалдық ойыны
ҰОҚ: Математика негіздері, Жаратылыстану, Музыка, Құрастыру.
Білім беру саласы: таным, коммуникация, шығармашылық.
Мақсаты: Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру. Жалпы оқу бағдарламасымен қатар, дүниетану және ойлау қабілетін ұштау. Топта бірлесе жұмыс істеуге, басқа адамның жұмысын бағалауға үйрету, қатысушылардың шеберліктерін, ой – өрісінің қызығушылығын дамыту. Балаларды ұйымшыл болуға, шапшаңдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. Тез және дұрыс шешім қабылдауға баулу.
Көрнекіліктер: интерактивті тақта, А3 суреттер, А4 суреттер, приборлар.
Құрылымы: Ойынға 4 баладан құралған 2 топ қатысады. Қатысушылардың жалпы саны - 8. Ойын 3 кезеңнен тұрады. Барлық айналымнан кейін барынша көп ұпай жинаған топ жеңімпаз атанады.
Ойын барысы:
Тәрбиеші:
Адам меңгермейтін білім барма,
Жойқын күшті тындырар күшің барда
Оқы, үйрен жас ұрпақ бәрін меңгер
Алға қойған мақсатың ісің барда
Армысыңдар достар, бұл «Зерек балалар» интелектуалды сайысы.
- Олай болса, топтарды ортаға шақырайық. «Қыран» тобының қатысушылары. «Бәйтерек» тобының қатысушыларын ортаға шақырамыз. Сайысымызды бастамас бұрын топтармен таныс болайық,

1 – топ: «Қыран»
- Ескалиева Еркеназ. Топ басшысы.
- Нұрлан Ерасыл.
- Оразбай Айзере
- Нұрлан Аяна

Ұраны: Қуат, күшін арнаған сүйікті елге,
Қыран болып самғаймыз биіктерге

2-топ: «Бәйтерек»
- Кунтаева Эльнара. Топ басшысы.
- Бисен Әнуар
- Алпысбай Ильнура
- Егізбай Мансур

Ұраны: Бәйтерек тобы алға,
Біліміңді шыңда
Сайыста біз жеңеміз
Ақылды боп өсеміз
Жарайсыңдар, балалар! Өте керемет!
- Олай болса, сайысымыздың кезеңдерімен де таныс болайық.

1 бөлім: «Бәйге»
2бөлім: «Сиқырлы сандық»
3бөлім: «Жас ғалымдар»
Бірінші бөлімде балалар, мен сендерге сұрақ қоямын. Сол сұрақтың жауабын сендер жылдам әрі нақты ойланып жауап берулерін керек. Алдарыңда тұрған тетікті қай топ бірінші басады және сұраққа дұрыс жауап берсе, сол топ «5» ұпайға ие болады.
- Дайынбызба, балалар! Олай болса сайысымызды бастайық.

Мен сендерге сұрақты жасырамын, мұқият тыңдап, ойланып жауап береміз.
1 Бөлім: «Бәйге»
Bilimland.kz →пәндер →бастауыш математика →1 сынып →0-ден 5-ке дейінгі сандар
Bilimland.kz сайтынан орындалады. (Интерактивті тақта арқылы орындалады)
1. суретте берілген заттарды санап, торларды бояу
2. Қосымша тапсырмалар
3. Қосымша тапсырмалар

2 бөлім: «Сиқырлы сандық»
Бұл бөлімде интерактивті тақтада сиқырлы сандық берілген, сол сандықтың сіздерге жасырған тапсырмаларын орындайсыздар.
Жасырын суретті тап.
- Берілген суреттерді құрастырып, қандай сурет шыққанын айту.

«Ойлан тап»
- Қандай ауа-райы кезінде ,балалар ойнайды? Күн шығады слайдпен
- Кәзір қандай құбылыс болады? Слайдпен
- Ауа –райында Енді қандай өзгеріс болып жатыр? Слайд

Жарайсыңдар, енді ойланыңдар бұл қандай ойын? (Күн мен жаңбыр)

Сергіту сәті: «Хоки-поки» биі. Bilimkids.kz
- Жарайсыңдар, балалар! Енді сайысымыздың үшінші бөліміне де келдік.

3бөлім: «Жас ғалымдар»
- Бұл бөлімде тәжірибелік зертханада жасап жүрген жұмыстарыңыздан бір жұмыс түрін көрсетесіздер. Ендеше дайын болсаңыздар «Бәйтерек» тобы сіздерден бастасақ. Сіздер қандай жұмыс көрсетесіздер.
- **«Бәйтерек» тобы** – Эльнара: бүгінгі сайысқа «Бәйтерек» тобының дайындап әкелген жұмысы «Лава шамы» кәзір біздің топ сіздерге осы жерде Лава шамын қалай жасау керектігін көрсетеміз. Лава шамын жасау үшін сұйық май, ас содасы, лимон қышқылы, тағамдық бояу және су қажет. Алдымен ыдысқа сұйық майды құямыз, тағамдық бояуды сумен араластырып аламыз, дайын болған тұнбаны майдың үстіне құямыз. Енді ас содасымен лимон қышқылын араластырып құямыз. Енді бақылаймыз қараңыздар қандай құбылыс болып жатыр. Жарық түсіріп қарайтын болсақ өте әдемі көрініс болады.
- Жарасыңдар, «Бәйтерек» тобы сіздерге 10 ұпай беремін.
- **«Қыран» тобы** – Еркеназ: бүгінгі сайысқа «Қыран» тобының дайындап әкелген жұмысы «Жаңартау» кәзір біздің топ сіздерге осы жерде жаңартаудың отшашуын қалай жасау керектігін көрсетеміз. Жаңартаудың отшашуын жасау үшін су, ас содасы, тағамдық бояу, су сабын керек. Алдымен суға ас содасын салып араластырамыз. Содан кейін сусабыннан кішкене құямыз және қызыл түсті тағамдық бояуды қосып араластырамыз да тұнбаны жаңартауға құямыз.
- Тамаша, қандай керемет. Айтыңдаршы кәне сендер бұны қалай жасадыңдар.
- Макпал Мейрамгалиевна, бұның өз құпиясы бар біздер жұмысты бастамас бұрын алдын ала жаңартаудың ішіне тәрбиешінің көмегімен сіркесу құйып қоямыз.Сіркесу арқылы құйған тұнбамыз жоғары қарай атқылайды.
- Жарайсыңдар балалар! Жүзден жүйрік – мыңнан тұлпар екенсіңдер.

Достық деген таусылмайтын қазына,
Көктемде де солып қалар гүл емес,
Қарамайды ол сыйдың көп пен азына
Нағыз достар тіпті сый да тілемес – деп,

Бүгінгі «Зерек балалар» интелектуалды сайысымызда достық жеңді дегім келеді. Ортаға «Қыран» тобымен «Бәйтерек» тобын шақырғым келеді. Олай болса, бүгін бізде «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» болып танылған бүлдіршіндерім сендерге арналған Диплом марапаттау қағаздарым бар.
- Жарайсыңдар, балалар! Әрдайым осылай биіктен көрініп, жүзден жүйрік мыңнан тұлпар болыңдар.

Мықты болсаң, алдағыны басып оз,
Мықты болсаң арттағыны жеткізбе.
Мықты болсаң тайғанама көк мұздан
Мықты болсаң бөгеттерді бұзып өт –

демекші бүгінгі біздің «Зерек балалар» интелектуалды сайысымыз осымен өз мәресіне жетті. Қош, сау болыңыздар!

САЯХАТ ЖӘНЕ ЖАҢАЛЫҚ.

Камзина Кунсулу Нигметуллиевна,
Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы
№ 8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі

Тақырып: "Саяхат және жаңалық"
Ұйымдастырыған іс-әрекет: Қоршаған орта, Шығармашылық, көркем әдебиет.
Мақсаты: балалардың дүниетанымын кеңейту, әртүрлі елдер мен мәдениеттер туралы ақпарат алуға, саяхат жасауға деген қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі.Бұл іс-шарада балалар жаңа білім алып, әлемді танып-білуге мүмкіндік алады.
Кіріспе (10 минут)
Балаларға әлемнің әртүрлі елдері мен мәдениеттері туралы қысқаша ақпарат беру.
Іс шараның мақсатын түсіндіру.
Муз залға Әр бала 3 ұлтқа бөлініп (өзбек, қазақ, орыс) киімдерін киіп кіреді.
Тәрбиеші: Балалар сендер саяхаттағыларын келема?
Балалар жауаптары: Иа келеді
Тәрбиеші: Ендеше біздер өзбек ұлтына тоқталайық.
Слаид көрсетіледі (Өзбекстан қаласы, тамағы, ақшасы, дәстүрі,тілі,мәдениеті)
Тәрбиеші балаларға Өзбекстан жайлы кішкене ақпарат береді
Өзбекстан ресми атауы-Өзбекстан Республикасы деп аталады.
Өзбекстан астанасы- Ташкент
Ташкент ең үлкен қалаларының бірі.
Өзбекстан Президенті-Шавкат Миромонұлы Мирзиеев деп аталады. президенттері тек 5 жылға ғана сайланады.5жылдан кейін жаңа президент сайланып, ауыстырылады.
Өзбекстан ақшасы-Сом деп аталады. 100,200,300 сом деп кетей береді.Сом ақшаларына көптеген тағамдар, заттар сатып алады.
Өзбекстан ұлттық киімі-Ерлер жейде, шапан
Әйелдер-слан матадан тігілген көйлек,шапан киді. Бас киімдері ерлерде - тақия,, жүн қалпақ болған.Әйелдерде-тақия және орамал.
Өзбекстан туы-3 жолаққа бөлінген. Үстіңгі бөлігі көк, ортасы-ақ,астыңғы бөлігі-жасыл.Үстіңгі бөлігінде жарты ай мен 12 жұлдыз орналасқан.
Өзбекстан ұлттық тағамы-Палау,Нарын,Хатлама және думляма.
Аспаптары-Дойра, Най, Сато және т.б
Аудиозапись қосылады
Өзбекстан тілі- Салем-Салом, Ассалаумағалейкум
Қалайсын-Истайман
Сау бол-Хайыр деп сөйлейді.
Өзбек елінің музыкасы қосылады
Залға Өзбек елінің келген Өзбек ұлты ұлттық тағамын ұстап келеді.
Балалармен Өз тілдерінде амандасады. (Ассалаумағалейкум балалар!)
Өзбек ұлты: Менің есімім Наргиз мен Өзбекпін.
Балалар Өзбек ұлтымен амандасады: Саламатсызба!
Тәрбиеші: Наргиз ханым сіздің акелген ұлттық тағамыңыз қалай аталады?
Өзбек ұлты: Бұл тағам палау деп аталады. Біздің ұлттық тағамдарымыздың бірі.
Ендеше сіздерге палаудың жасалу жолдарын өз қолыммен пісіріп көрсетейін.
Балаларға палауға не қосатыны туралы ашып, көрсетіп айтып және жасап береді.
(Күріш,ет,пияз, сәбіз, чеснок)
(Пісіп жатқан тамақтын аудиосы қосылады)

Тәрбиеші: Өзбек ұлттына рақмет айтады. Қонақты Қазақ ұлтымен бірге қалып басқа ұлтқа саяхаттауды ұсынады.
Тәрбиеші: Балалар біздер Өзбек ұлтымен бірге саяхаттауды жалғастырайық
Тәрбиеші: Балалар біздер ендігі аялдаманы Ресей еліне тоқталайық
Слаид қосылады Орыс ұлтының, қаласы, киімі, тамағы, ақшасы,дәстүрі, тілі, мәдениеті туралы ақпарат беріледі
Ресей астанасы- Москва
Президенті-Владимир Владимировия Путин
Ақшасы- Рубль деп аталады.
Ұлттық Тағамы- Борщ, Пельмень,Холодец, Окрошка
Аудиозапись қосылады
Тілі-Орыс
Саламатсызба-Здравствуйте
Қалайсын-Как дела? Деп сөйлейді
Ұлттық киімі-Әйелдерінің киімі-жейде, сарафан,басқа тағылатын бұйымнан және әшекейлерден тұрады.
Туы-3 жолақтан тұрады.
Үстіңгі жолағы ақ
Ортасы-көк
Астыңғы жолағы-қызылдан құралған.
Орыс халқының музыкасы қосылады ортаға Орыс ұлты кіреді
Орыс ұлты балалармен өз тілдерінде амандасады (Здрравствуйте ребята, добро пожаловать в наш город)
Меня Зовут Настя я из Россий.
Балалар: Саламатсызба орыс ұлты.
Тәрбиеші: Саламатсызба сіз қазақша түсінесізба?
Орыс ұлты: иа мен қазақша түсінемінде, сөйлейде аламын.
Тәрбиеші: Ендеше сізге қазақша айтуға рұқсат етіңіз, сіздердің ұлттық билеріңізді тамашалағымыз келіп отыр)
Орыс ұлты: Арине болады
Видео қосылады орыс ұлтының биі
Балалар биді орыс ұлтымен бірге қайталайды.
Талқылау(20 минут)
Тәрбиеші: Рахмет сізге Ендеше балалар біз Өзбекстан мен Россиядан келген қонақтарымыызға Қазақстан елін көрсетейік.
Қазақстанның әнұраны қосылады
Слаид Қазақстан туралы қысқаша ақпарат көрсетіледі
Туымыз, ұлттық тағамымыз, ұлттық киіміміз,тіліміз, ақшамыз
Қазақстан астанасы-Астана
Қазақстанның ұлттық туы-Көк түсті, ортасында сары күн және күннің астында қоңыр түсті бүркіт бейнеленген.
Қазақстанның ұлттық киімі- әйелдерде жейде, қазақша көйлек, басына сәукеле.
Еркектер-Шапан, жейде, басына тақия киеді. Киімдерінде ұлттық ою салынған.
Ұлттық тағамы-ет,көже,бауырсақ т.б.
Ұлттық ақша-ақша және тиынға бөлінеді.
Тілі-саламатсызба, қалайсыз деп сөйлейді.
Тәрбиеші:Балалар біз қандай елдерге саяхаттадық.
Балалар жауаптары: Өзбекстан және Россия елдеріне саяхаттадық.
Тәрбиеші: Өзбекстанның ұлттық тағамдары қандай?
Балалар жауаптары: Палау т.б
Орыс ұлтының ақшасы қалай аталады т.б балаларға сұрақтар қойылады.
Балалар өздері саяхатқа шыққан елдері туралы әңгімелеп, армандаған жерлері туралы бөліседі.
Шығармашылық жұмыс (30 минут)
Тәрбиеші Өзбекстан және Орыс Ұлтының туын бояуды ұсынылады.
Балалар өздерінің жасаған жұмыстарын көрсетіп таныстырады.
Қорытынды(10 минут)
Әр Балаға қазақстан ақшасы беріледі
Ендеше балалар сендер жақсы қатысқандарыңыз үшін өзіміздің Қазақстан ақшасымен татті сатып алыңыздар.
Балалар сендерге саяхаттаған ұнадыма?
Ендеше осымен саяххатымыз аяқталды. Россия және Өзбекстан елімен қоштасайық.

ЗАТ ЕСІМ

Каримова Бакытханым Сагидуллакызы,
Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы
№6 Хромтау гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі

Бөлім:	**Өнер**	
Күні:	**02.04.2025ж**	
Сынып:**3 А**	Қатысушылар саны:27	Қатыспағандар саны:-
Пәні:	**Қазақ тілі**	
Сабақтың тақырыбы	**Зат есім**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру. 3.4.2.3 сөйлемнен зат есімдерді тауып, сұрақ қойып, ажырата білу.	
Сабақтың мақсаты	Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді. Сөйлемнен зат есімдерді тауып, сұрақ қойып, ажырата біледі.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
